



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 3 (98)

Астана
2022



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

CONTENTS

Әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер / Обычаи, традиции

Артықбаев Ж.О. Шырақшы – мәңгілік құндылықтар сақшысы	4
Қатран Д. Мәні мен сыры ерек, ұмыт болған әдет-ғұрыптар жөнінде	13
Тойшанұлы А. «Диуанабәйт» – салт өлеңінің ескі үлгісі	21
Усманова Ә.Р. Тулпары Терисаккана	27
Егізбаева М.Қ. XIX-XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі аңшылық	38

Орындаушылық өнер / Исполнительное искусство

Шегебаев П. Об единстве личностных качеств народного музыканта и стилизованных свойств его музыки (на примере Курмангазы)	46
Базарбаева Н.С., Өтеғалиева С.Ы. Дина Нұрпейісова және басқа домбырашылардың интерпретациясындағы алдыңғы буын өкілдерінің күйлері (Құрманғазының «Қайран шешем», Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйлерінің мысалында)	52
Бердібай А.Р., Әбиділда М.Б. Жыршы Д. Жолымбетов орындауындағы Сыр бойы эпикалық мақамдарының музыкалық-стильдік ерекшеліктері («Асау барак» жырының бірінші мақамы мысалында)	61
Қазтуғанова А.Ж. Күй өнеріндегі орындаушылық нұсқалар: теориялық және тәжірибелік тұрғыдан игеру	75
Жаманбалинов Е.Е. Шығыс Қазақстан домбыра дәстүріндегі «Ақсақ қаз» күйлерінің ерекшеліктері	90
Сабирова А.С., Басығара Е.Б. Воспитательная роль песенного наследия Абая в исследовании Г. Чумбаловой	100

Дәстүрлі қолөнермен байланысты білім мен дағдылар / Знания и навыки, связанные с традиционным ремеслом

Шайгозова Ж.Н., Музафаров Р.Р. Языки казахской культуры: топонимы как код и отражение картины мира (на примере числительных, цветовых и зоонимных обозначений)	107
Бутеев Б.О. Казахские и хонгорские названия сортов кожи и шкур: историческая ретроспектива	118

Тарих. Тұлға / История. Личность

Бекенова М.С. Абай Кунанбайұлы и современное казахстанское общество	127
Омарова А.К. А.В. Затаевич: штрихи к «портрету»	133
Жәкішева З.С. Рухани және заттық мәдениеттің байланысы	147

Customs, rituals

Artykbaev Zh.O. Shyrakshy – on guard of eternal values	4
Qatran D. Forgotten custom: meaning and features ..	13
Toishanuly A. «Diuanabait» is an ancient type of ritual song	21
Usmanova E.R. Tulpars of Terisakkan	27
Yegizbayeva M.K. Traditional hunting in East Kazakhstan of the XIX-early XX centuries	38

Performing arts

Shegebaev P. On the unity of the personal qualities of a folk musician and the stylistic properties of his music (on the example of Kurmangazy)	46
Bazarbaeva N.S., Otegaliyeva S.Y. Kuis of the representatives of the previous generation in the interpretation of Dina Nurpeisova and other dombrists (on the example of Kurmangazy «Kayran sheshem», Dauletkery «Korkem khanyam»)	52

Berdibay A.R., Abidilda M. Musical and style features of the performance of the epic tradition of Syrdariya zhyrshy by D. Zholymbetov (on the example of the first maqam of the epic «Asaubarak»)	61
--	----

Kaztuganova A.Zh. Performing variants in the art of kuy: theoretical and practical development	75
---	----

Zhamanbalinov E. Peculiarities of kyuy «Aksak kaz» in the dombra tradition Eastern Kazakhstan	90
Sabirova A.S., Basygara E.B. The educational role of Abai's song heritage in G. Chumbalova's research	100

Knowledge and skills related to traditional craft

Shaigozova Zh., Muzafarov R. Languages of kazakh culture: toponyms as a code and reflection of the world picture (on the example of numerals, colour and zoonyms)	107
Buteyev B.O. Kazakh and khongor names of leather and skin grades: a historical retrospective	118

History. Personality

Bekenova M.S. Abay Kunanbayuly and modern kazakhstan society	127
Omarova A.K. A.V. Zataevich: touches to the «portrait»	133
Jakisheva Z.S. Interrelation of material and non-material culture	147

Тойшанұлы А.
Халықаралық Түркі академиясы
Астана қ., Қазақстан
e-mail: akedil8@mail.ru

«ДИУАНАБӘЙІТ» – САЛТ ӨЛЕҢІНІҢ ЕСКІ ҮЛГІСІ

Ислам дінінің халық арасына кең таралуына байланысты бақсылық наным-сенім ығыстырылып, бақсы рухани қызмет етуін тоқтатады. Бақсылық пен жаңадан пайда болған ислам дінінің құндылықтарын бір-біріне жанастырып, ортақ жалғастырған дәнекерші тұлға болды. Ол – диуана типі. Диуана негізінен сопылық жолды ұстанып, ел аралап қайыр-садақа сұрап, тақуалық жолмен, ешқандай меншік иеленбей өмір сүрді. Оның ел аралағанда айтатын арнайы өлеңі табылды, оны халық «Диуанабәйіт» деп атаған. «Диуанабәйіт» өлеңінде диуананың қызметі, бейнесі, мақсаты, елге айтатын ғибратты уағыз қамтылған. Бұл зерттеуде магиялық фольклорда бақсы сарынынан кейінгі кезеңде диуанабәйіт жанрлық түрі болғаны экспедиция материалы негізінде дәлелденді.

Түйін сөздер: магиялық фольклор, бақсы, диуана, суфизм, диуанабәйіт, Мұса пайғамбар, Шайқы-Бұрқы.

Қазақ фольклортануы ғылымында көне наным-сенімге қатысты ғұрыптық үлгілерді тексергенде бақсы типін арнайы тексеріп, сонымен бірге бақсы сарыны өлеңі жеке жанр ретінде тиянақты сараланып келді. А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ә. Диваев еңбектерінен тартып кейінгі Б. Уахатов, Б. Абылқасымовқа дейінгі зерттеулерде осы жұлге сақталды. Бақсы типі ислам дінінің ықпалы ел арасына дендеп күшеюіне байланысты түрлі кедергіге ұшырап, санадан біртіндеп ығыстырылып, бақсылықтың кейбір жұрнақтары кейіннен мұсылмандық жоралғылармен қабысып-жымдасып өмір сүрген де болатын. Мұндай сабақтастықты Ш. Уәлиханов танымдағы қос сенім деп атағаны да белгілі.

Дәл осы өліара кезеңде ислам дінінің жұрт арасында кең жайылып, санаға сіңуіне үлес қосып, екінші жағынан ескілікті бақсылықтың жұрнағын жаңа бояумен әрлеп, ары қарай

басқаша тұрпатта жалғастыруға үлес қосқан ерекше рухани дәнекерші тұлға болды. Ол – бүгінге дейін лайықты зерттелмеген Диуана типі.

Осы тұрғыдан көне наным-сенімге қатысты ғұрыптық үлгілерді жіті тексеріп, соңғы кездегі экспедициялық зерттеулер нәтижесін сараптағанда фольклордың тағы бір жанрлық түріне негіз болатын соны үлгі табылды. Ол – «Диуанабәйіт» өлеңі.

Әдетте диуанабәйітті ел ақтайтын кезбе диуаналар айтатын болған. Оның мәтіні туралы алғаш пікір білдірген – алаш зиялысы Отыншы Әлжанов.

Ол «Бақсылардың қылған кәсібін дуаналар да қылады... Бұлар мұсылмандықтың жөнін айтып жүруші еді. Қаріп-қасір, жетімдерге ақылды сөздер айтып һәм өзге жәрдемшілік қылар еді. Дуаналық әуелі Шайқы-Бұрқы дуанадан үлгі болып қалған еді. Осы уақыттағы дуаналар Шайқы-Бұрқы дуанаға

сыйынады. Дуаналар сиынғанда «Шайқы-Бұрқы дуана пірім, қолдай көр» деп сиынады» деген мәліметті «Дала уалаяты газетінде» жариялайды (Әлжанов, 1894).

Бұдан байқайтынымыз, қазақта бақсының пірі – Қорқыт болса, диуананың сыйынатын иесі – Шайқы-Бұрқы дуана. Сонымен бірге О. Әлжановтың «Бақсылардың қылған кәсібін дуаналар да қылады», «қаріп-қасір, жетімдерге ақылды сөздер айтып һәм өзге жәрдемшілік қылар еді» деген сөздерінде терең мән бар.

Бізге жеткен «Диуанабәйіт» өлеңдерін тексергенде диуананың бұл міндеттерді, яғни адамдарды емдеу, құмалақ ашу, бата беру, отбасында тату-тәтті болуды, ата-ананы сыйлауды, әдептілікті сақтауды дәріптеп, ғибрат айту, ислам дінін насихаттау секілді қызметтер атқаратыны көрініс тапқан.

О. Әлжанов «Асасының пішіні бақсылардың асасына ұқсас келеді, һәм ақтағанда аузына түскен сөзді айтып тантип жүреді, һәм өлең айтып сарнағанда сөзін екі ауыз өлеңмен бастайды: «Дуана кірер есіктен, шайтан қашар тесіктен» деп жазады.

Диуаналардың ел ақтап, дуа жасағанда айтатын арнайы өлеңі анықталғанын айттық. Ол өлең «Диуанабәйіт», «Диуананың ақтауы» деп аталған. Біз әзірше ел аузынан жинақталған үш үлгіні кездестіріп отырмыз. Оның алғашқысы «Мұра» журналында жарияланса (Мұра, 1999), келесі бірін 2003 жылы ҚХР ШҰАР жүргізілген фольклорлық-музыкалық кешенді экспедицияда халық қазынасының білгірі Қазым Әлменұлы ақсақалдан диктофонға жазылып алынды (Фольклорлық экспедициясы материалы, 2013). Тағы бір үлгі «Шыңжан қазақтарының өлең-жырлары» атты жинақта жарияланған (Шыңжан қазақтарының..., 2008: 92-95). Қырғыз халқында да «Думаналар кошууга» бар (Кыргыз элинин оозеки..., 1973: 55), әзірге оның бір үлгісі кездесті.

«Диуанабәйіт» әдетте «Ах, пәледен қақ, Диуана келсе есіктен, Пәлекет қашар тесіктен», – деген дәстүрлі жолдармен басталады. Қырғыздағы мәтін де солай:

*Аса таяк, ат минип,
Дубана келди эшикке,
Балакет чыксын тешиктен.*

«Алда үй» деп сайраган,
Дубананын салты экен (Кыргызстандагы мазар басуу, 2010: 163-165).

«Диуанабәйіт» өлеңінде диуананың мақсаты, іс-әрекеті, мінез-құлқы да көрініс тапқан. Сонымен бірге оның шайтанды қуып, пәле-жаланы аластап, елді имандылық пен хақ жолына, татулық пен береке-бірлікке үгіттеп, асатаяғын сылдырлатып, рәсім орындап жүргені бейнеленеді.

*Қызырдың алып батасын,
Мұсаның тұттым асасын.
Шарапат бар бойымда,
Бәлекет-шайтан қашатын.
Әулие жар боп оңдайды,
Аяқты теріс басатын.
Бақыт берсін жұртыма,
Бағы шалқып жататын.
Ах, пәледен қақ!*

Диуана типінің бақсылық әбден құлдырап, ислам діні дендеп енгеннен кейін пайда болған кейіпкер екені айқын. Дегенмен оның бойында шамандық пен кезбе сопылық белгі қатар бар. Диуана дүниеден безініп, құдай жолында құлшылық етіп, ел кезіп, өзіне тән ешқандай меншік зат иеленбей, құр алақан өмір сүруге бекінген тақуа адам деуге болады. Парсы тілінде диване – 1. Есінен адасқан, ессіз; 2. Ақылсыз, мисыз деген мағына береді. Ғалым В.Н. Басилов «Диуана» сөзі тәжік-парсыша «демона», яғни дәуге еркін билеткен деген мағынадан шығуы ықтимал, өйткені көне заманда дию жауыз рухқа саналмаған, сол кезеңде бұл ұғым қалыптаса бастаған» деген пікір білдіреді (Мифологический словарь, 1990: 187).

Мәшһүр Жүсіп Көпей Шайқы Бұрқы диуананың қырық күн, қырық түн шырқобелек айналып, шыңнан секірсе де жерге құламай аман түсетін қасиеті болғанын жазады. Жалпы, диуана, дәруіштер шырқобелек айналып билеу арқылы ләззат алып, Жаратқан иенің дидарын көруге ынтық болады деген ұғым бар.

Шайқы Бұрқы диуаналардың пірі болып саналады. Ол туралы аңыз-әпсана, жыр-дастандар мол. Өртүрлі қиссалар да таралған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Шайқы Бұрқы» деген дастаны бар (Көпейұлы, 2005: 162-167). Қазанда 1913 жылы жарияланған «Диуана шейх Бұрқы» деген дастан қолжазба қорында сақталып, кейіннен «Бабалар сөзі» жүзтомдығында жарияланған (ӨӨИ). Шейх



МӘДЕНИ МҰРА

Бұрқы аса пәк болғандықтан құдайдың еркесі,
тентегі саналған көрінеді:

*Айтайын тыңдасаңыз жақсы кепті,
Бізден бұрын көп адам өтіп кетті.
Хазіреті Мұсаның заманында,
Шейх Бұрқы диуана деген өтті.*

*Ертеде шейх Бұрқы диуана өтті,
Қайтармайды аузынан келген кепті.
Жақсы-жаман диуанаң сөз айтса да,
Не айтқанын Құдайым қабыл етті* (Бабалар
сөзі, Т.16., 2005: 10,102-104).

Ол Құдайдың айтқанын бұлжытпай орындағандықтан жаратушы: «Не тілегің бар?» дегенде ол «Жеті тозақтың күлін көкке ұшыр» деген көрінеді. Мұның жауабына Алла «Шын мұсылмандар тозаққа түспейтін болады» деп жауап берген деседі жырда. Ә. Диваев та Шайқы-Бұрқы диуананың мұндай әрекетін жазып қалдырған (Диваев, вып.3., 1899). Демек, Шайқы-Бұрқы – адам баласына жанашыр, тақуа, таза құлшылық иесі, сол себептен де Құдайдың сыйына бөленген, жаратушыға тілектерін орындата алған ерекше жан иесі. Ол түрікмен, өзбек, тәжік, татар секілді халықтардың барлығында кездеседі. Борх диуананың есімі Мұса пайғамбардың замандасы және ол құдайдан жаңбыр тілеп жауғызған керемет иесі ретінде бейнеленген дерек бар (Басилов, 1970: 18). Оның түрікмендердегі есімі Бүркіт баба пішінінде кездеседі. Түрікмендердің ұғымында ол – жаңбыр жаудыратын рух-ие, хорезмдіктерде болса тоқымашылық иесі (Снесарев, 1983: 40-41). Ал қазақта кездесетін бір сюжетте ол адам баласына алғаш от әкелген, адамдарды суықтан құтқарған, піскен тамақ жеуге жағдай жасаған жасампаз қаһарман бейнесінде суреттеледі. Демек, дәстүрлі мифологиясы әлемдік діндердің әсеріне аз ұшыраған хакас, алтай, шор, моңғолдарда төменгі әлемнен отты адамзатқа әкелуші құс (қарлығаш, тарғақ) болса, қазақта ондай түсінік мүлде ығысып, елге отты әкелген жаратушының досы Шайқы Бұрқы диуана делінуі – ислам дінінің ел санасына берік орнығуынан болғаны сөзсіз.

Ал, диуанабәйітте қазақ диуанасы «Мұсаның тұттым асасын... Шайқы-бұрқы диуана, жың шайтанды қуала» деп, қырғыз дубанасы «Бу дүнүйө аманат, Мусака өттү ким калат. Чар дүнүйө аманат, Чадыйр өттү ким

калат» деп диуаналардың түпкілікті пір иелері Мұса мен Шайхы Бұрыққа қатар сыйынуының тарихи терең мәні бар секілді. Диуананың асай-мұсайы деген сөз орамы олардың қолындағы аса таяқ Мұса пайғамбардан қалған мирас дегенді білдіреді.

Диуана басына аққу терісін бітеу сойып киеді, қолында аса таяғы бар, қоржынында дәрі-дәрмек, асай-мұсайы бар, ел ақтаумен күн көреді. Оның бұл қызметтері «Диуанабәйітте» былайша суреттеледі:

*Диуана келді асалы,
Жын-шайтан көрсе қашады.
Үйіңнен қу пәлені,
Бақыттың жолын ашады...*

*Құран тығып қойныма,
Тұмар салып мойныма,
Кезігейін мұнан соң,
Немереңнің тойында.*

*Ақ (боз) ат мінген астына,
Аққу киген басына.
Менің атым Диуана,
Шайтан тұрмас қасына.*

Диуананың басына аққу терісін киюі – сібір түркілерінің шамандығын елестетеді. Ол бал ашады, сәуегейлік танытады, жын-шайтанды аластап қуып, тілек тілейді. Бір сөзбен айтқанда, оның ерекше үлгідегі киім-кешегі, сырлы жүріс-тұрысы, жұмбақ тіршілігі, асатаяқ сылдыры ырғағымен айтатын нақыл гибратқа толы өлеңі сақара жұртын қайран қалдырып, аузын ашып, көзін жұмдырған. Ол осындай әлем-жәлем түр-әлпетімен, қайталанбас оқиғаларымен жұртты өзіне баураған халықтық театрдың кейіпкеріне айналған деуге болады.

Мәселен, диуананың осындай кейіп-кеспірі өлеңде былайша айқын көрініс табады:

*Аққу кидім басыма,
Киелі құстың терісі.
Ақ атыма дарыған,
Ақбөкеннің желісі.*

*Үстімдегі ақ жарғақ,
Терісі еді құланның.
Мойнымдағы ақ тұмар,
Аяты еді құранның.*

Қазақ диуанасы әдептілік пен татулықты ерекше дәріптеп, бата беріп, түс жорып, қырсықты қуатын дуагөй жан екені байқалады. Ағайын арасындағы алауыздық, шаңырақтағы келін мен ененің қатынасы, дүниеқоңыздық пен ұрыс-жанжал оның өлеңінен шет қалмайды, ол бұл пәниде береке-бірлік сақтауды үгіттеп, қауымның әлеуметтік-психологиялық түйткілдерін шешетін адамгершілік негіздерді уағыздайды, өлеңін әрдайым орамды бата-тілекпен көмкеріп отырады.

*Ұлыменен ұрысқан,
Келінімен керіскен
Ашкөз болса, пейілің,
Иманың қашар терістен.
Ұрыспай өткен пенде бол,
Ұялмай қайта көріскен.
Татулығың табылмас,
Тай-құлындай тебіскен.
Қорлық тартар пенделер,
Дүние қуып кейіскен.*

«Диуанабәйітте» диуананың ел ақтап, басқа жұмыс істемей, жұрт үстінен қайырсадақа арқылы ғана күн көретін салты да суреттеледі:

*Аралап келем алыстан,
Ақылым емес данышпан.
Байымаймын қашанда,
Садақа алған табыстан...
Пейіліңді Алла сыйласын,
Садағанды ала ұшқан.*

Қазақ диуанасы елді ізгілік пен хақ жолына үндеумен бірге тек қана дінді насихаттамай, отбасының өнегелі, инабатты болуына тәлімгерлік уағыз айтатындықтан қасиетті саналып, ел аузында нақыл өлеңдері сақталып қалуына негіз қаланған. Оның өлеңдері бақсы сарыны секілді тек қана жын, аруақ, пері тәрізді арғы әлемдегі құпия рухтармен тілдеспейді, кәдімгі тұрмыс-тіршіліктегі қарапайым адам өміріндегі ахуалдарды шынайы суреттеуімен маңызды:

*Қабағың қарс жабылса,
Қарайып, ниет қабынса,
Ақылың қашып басыңнан,
Қурылып апиың тарылса,*

*Жарығың тартса қараңғы,
Пәлекет басса санаңды.
Ұмытып Құдай, тәубеңді,
Ұмытсаң ата-анаңды,
Қырсығың мініп желкеңе,
Шулатсаң қатын-балаңды,
Сайтан келіп мәз болып,
Ажыратар араңды.
Осыны ойлап нақырың,
Ел аралап ақырын —
Айтып келем, «ел ауған»
Әулиелер ақылын.*

Алайда «Диуанабәйітте» ең негізгі түйін — бұл пәни жалғанда нәпсі күнәдан тыйылып, түпкі мақсат — о дүниеде нығметке, сауапқа бөлену:

*Дүние құмасы жақсылар,
Жамылған жалғыз матасын.
Кешіре көр, тәңірім,
Пәндесінің қылған қатасын?*

*...Адал болсаң тартарсың,
Сыйлы орында жемістен.
Алла жар боп мақшарда,
Табысайық пейіштен!*

Диуана ертектерде сирек кездеседі, ол типтік кейіпкер емес, демек осы қасиеті оны дәруіштен алшақтатып тұр және бұл бейне кейінгі замандарда қалыптасқанын білдіреді. Әлбетте, қазақ ертегісінде негізгі кейіпкер дәруіш болса, эпоста диуана ара-кідік ұшырасып отырады.

Халықтың ұғымында диуана емшілік, сәуегейлік, тақуалық жолды ұстанушы, бір сөзбен айтқанда дәурені өткен ескі бақсылық салттың жұрнағын мұсылмандықпен ұштастырып, жалғастырушы болғаны байқалады. Мәселен, меңдуана шөбі «бәңг диуана» («мәңгірген диуана») деген сөзден туындаған. Демек, бұл шипалы шөптің атауы да диуанамен байланысты пайда болуы — осы тұлғаның емшілік қырын көрсетсе керек.

Қорыта айтқанда, көне наным-сенімге қатысты ғұрыптық фольклорды жүйелегенде стадиялық тұрғыдан бақсы сарынынан кейін «Диуанабәйіт» өлеңі орын алуға лайықты жанрлық түр екендігін ел арасына таралған үлгілер дәлелдеді.

Әдебиеттер

1. Әлжанов О. Бақсылар, дуаналар // Дала уалаятының газеті. № 36. 1894 жылы.
2. «Мұра» журналы. Үрімжі, 1999, №2. Айтып берген Қуанбай.
3. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының 2013 жылдың 14 мамырдан 5 маусым аралығында ҚХР ШҰАР-дағы қазақтар арасында жүргізілген кешенді фольклорлық экспедиция материалы. Экспедиция мүшелері: А. Тойшанұлы мен Н. Набиолла. Өлеңді айтып берген ҚХР ШҰАР Алтай аймағы Бұрылтағай ауданы тұрғыны 1928 жылы туған Қазым Әлменұлы.
4. Шыңжан қазақтарының өлең-жырлары. Құраст.: Д. Кенешұлы. Алматы, 2008.
5. Кыргыз элинин оозеки чыгармачылык тарыхынын очерки. – Фрунзе: Илим, 1973.
6. Кыргызстандагы мазар басуу. Бишкек, 2010.
7. Мифологический словарь. Москва, 1990.
8. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 5-том. Павлодар, 2005.
9. ӘӨИ ҚҚ, 1192 бума.
10. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.16. Астана, 2005.
11. Диваев А. Из области киргизских верований. Баксы как лекарь и колдун. Известия ОАИЭ. Т. XV, вып. 3. Казань, 1899.
12. Басилов В.Н. Култ святых в исламе. Москва, 1970.
13. Снесарев Г.П. Хорезмские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. Москва 1983.

References

1. Ąljanov O. Baqsylar, dýanalar // Dala ýalaıatynyń gazeti. № 36. 1894 jyly.
2. «Mura» jýrnaly. Úrimji, 1999, №2. Aıtyp bergen Qýanbai.
3. M.O. Áýezov atyndaǵy Ádebiet jáne óner institýtynyń 2013 jyldyń 14 mamyrdan 5 maýsym aralyǵynda QHR ShUAR-daǵy qazaqtar arasynda júrgizilgen keshendi fólklorlyq ekspedisiya materialy. Ekspedisiya músheleri: A.Toıshanuly men N.Nabiolla. Óleńdi aıtyp bergen QHR ShUAR Altai aimaǵy Býryltoǵai áydany turǵyny 1928 jyly týǵan Qazym Álmenuly.
4. Shynjan qazaqtarynyń óleń-jyrlary. Qurast.:D.Keneshuly. Almaty, 2008.
5. Kyrgyz elinin oozeki chygarmachylyk taryhynyn ocherki. – Frýnze: Ilim, 1973.
6. Kyrgyzstandagy mazar basýý. Bishkek, 2010.
7. Mifologicheski slovar. Moskva, 1990.
8. Máshhúr Júsip Kópeuly. Shyǵarmalary. 5-tom. Pavlodar, 2005 .
9. ÁOI QQ, 1192 býma
10. Babalar sózi. Júz tomdyq. T.16. Astana, 2005.
11. Divaev A. Iz oblasti kirgizskih verovani. Baksy kak lekar ı koldyn. Izvestia OAIE. T.XV, vyp.3. Kazan, 1899.
12. Basilov V.N. Kúlt svátyh v islame. Moskva, 1970.
13. Snesev G.P. Horezmские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. Moskva 1983.

Тойшанұлы А.

Международная Тюркская академия
г. Астана, Казахстан
e-mail: akedil8@mail.ru

«ДИУАНАБАИТ» – ДРЕВНИЙ ВИД ОБРЯДОВОЙ ПЕСНИ

В связи с широким распространением ислама среди населения шаманские верования вытесняются, шаман прекращает свое духовное служение. Он был человеком-посредником, объединившим ценности шаманизма и зарождающегося ислама в единое целое. Это тип диуаны. Диуана

жила в основном по суфийскому пути, просила милостыню и благочестиво, без всякой собственности. В народе его называли «Диуанабаит». В стихотворении «Диуанабаит» рассказывается о деятельности, образе, целях диуана, его назидательной проповеди. В данном исследовании на основе материала

экспедиции было доказано, что в магическом фольклоре существовал жанровый тип диуанабайта в постмаркетинский период.

Ключевые слова: магический фольклор, баксы, диуана, суфизм, диуанабайт, пророк Муса, Шайкы-буркы.

Toishanuly A.
International Turkic Academy
Astana, Kazakhstan
email: akedil8@mail.ru

«DIUANABAIT» IS AN ANCIENT TYPE OF RITUAL SONG

Due to the widespread spread of Islam among the population, shamanic beliefs are displaced, and the shaman ceases to function spiritually. He was a connecting person who connected and shared the values of shamanism and the newly emerging religion of Islam. He is a divan type. The Diwan mainly followed the Sufi path, traveled around the country begging for alms and lived in a pious way, without owning any property. It is worth noting that the author of the poem «Diuanabayit»

is the author of the poem «Diuanabayit». The poem «diuanabayit» contains the function, image, purpose of the diuanabayt, the spiritual sermon that tells the country. In this study, it was proved on the basis of the materials of the expedition that there was a genre form of diuanabayit in magical folklore in the post-shamanic period.

Keywords: magical folklore, bucks, deacon, Sufism, diuanabait, prophet Musa, Shaibi-burq.